

## **Реттелетін нарықтық қатынастар дәуіріндегі экономикалық ілімдер**

### **10-тақырып. Әлеуметтік институционалдық бағыттағы экономикалық ойлардың пайда болуы**

1. *Экономикалық ғылымдағы институционалдық ағымның пайда болуы.*
2. *Әлеуметтік – психологиялық институционализм (Т. Веблен).*
3. *Әлеуметтік – құқықтық институционализм (Дж. Коммонс).*
4. *Эмпирикалық институционализм (У. Митчелл).*

#### **1. Экономикалық ғылымдағы институционалдық ағымның пайда болуы.**

XIX – XX ғасырлардың аралығында нақтылы тарихи жағдайлардың әсерінен АҚШ әлемдегі әлеуметтік – экономикалық жағынан күшті дамыған бірден – бір елге айналды. Мұнда тұңғыш рет экономиканың еркін бәсекеден гөрі монополистікке өтуі жалпылама түрде айқын көріне бастады. Бұл АҚШ–тың антимонополиялық шаралар қолданған алғашқы ел болуына себепкер болды, оның әкімшілігі XIX ғасырдың аяғында бұл шараларды өмірге енгізді. Бұл шараларды соңынан барлық дамыған мемлекеттер үкіметі қолданды.

XX ғасырдың бас кезінде АҚШ–тың ғалым-экономистері экономикадағы монополистік тенденциялардың күшейгенін таңдап, өз елдеріндегі антимонополистік саясатқа іш тартып, экономикаға әлеуметтік бақылау концепциясының лидері статусын алуға тырысты. Оны түрлі тәсілдермен жүргізді. Олардың теориялары бүгінде әлеуметтік институционалдық немесе жай институционалды деп аталатын экономикалық ойдың жаңа бағытының бастамасы болды.

«Институционализм» терминінің негізіне институт ұғымының бір түсінігі жатады. Институционалистер мұны экономикадағы қоғамдық қозғаушы күштердің бір элементі деп қарайды.

«Институттарға» институционалистер идеологтары түрлі категориялар мен құбылыстарды (мысалға, мемлекет, жанұя, кәсіпкерлік, монополия, кәсіподақ, дің рух және т.б.) жатқызады. Олар дәстүрді, мінезді, этиканы, құқылық шешімдерді, қоғамдық психологияны және ең бастысы экономика эволюциясын қажет етеді.

Институционализм – белгілі бір мағынада неокласиктердің альтернативтік экономикалық теориясының бағыты. Егер неокласиктер Смиттің жетілген рынокты шаруашылық механизімінен бастау алып, экономика өзін-өзі реттейді деп, таза экономикалық ғылымды жақтаса, институционалистер экономиканың қозғаушы күшіне-материалдық факторлармен қатар рухани моральдық, құқықтық және басқаларын жатқызып, оларды тарихи орнына қарай зерделейді. Басқаша айтқанда, институционалистер талдаудың пәні деп экономикалық және экономикалық емес әлеуметтік экономикалық даму проблемаларын есептейді. Ең басты, зерттеу объектілерін – институттарды, бірінші, екінші кезектегі деп қарамай, бір – біріне қарсы қоймайды.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, институционализм методологиясында Германияның тарихи мектебінің жалпы белгілері бар.

Бірақ тарихты және әлеуметті орта факторларын экономикалық өсудің жолын анықтауда ескеру, Германияның тарихи мектебі мен институционализм методологиясының ұқсастығын білдіргенмен, олардың сабақтастығын қайталауды көрсетпейді. Себептер көп.

Біріншіден, Адам Смиттің теориялық көзқарасында болған неміс авторлары XIX ғасырдың екінші жартысында Пруссия юнкерлерінің елдің сауда еркіндігі мен экономикалық либерализм принциптері үшін күресін қолдап, шексіз еркін бәсекелестік кәсіпкерлікті жақтады.

Екіншіден, неміс мектебінің тарихи көзқарасы рыноктық экономикалық қатынастардың табиғи сипаты мен экономикалық тепе- теңдікті автоматты түрде адамзат қоғамы дамуының барлық кезеңінде сақтаудан көрінеді.

Үшіншіден, Германияның тарихи мектебі еңбектерінің авторлары «еркін кәсіпкерлерді» тежеу арқылы қоғамның экономикалық өмірін реформалауға қарсы болды.

Институционализм экономикалық ойдағы сапалы жаңа бағытты көрсетеді. Ол өз бойына экономикалық бұрынғы теория мектептерінің ең жақсы теориялық-методологиялық жетістіктерін сіңірді, ең алдымен математика мен математикалық аппаратты меңгерген маржиналистік принциптерді.

Осындай пікірлерді М.Блауг та айтады: ол «институционализмнің мәнін анықтауға тырысып, методология саласында үш белгісін табады:

1. Неокласиктерге тән абстракцияның жоғарғы дәрежесіне қанағаттанбау, бағаның ортодокстық теориясының статикалық сипатының ерекшелігі;

2. Экономикалық теорияны басқа қоғамдық ғылымдармен интернациялауға тырысу; немесе «пәнаралық артықшылыққа сену»;

3. Классикалық және неокласикалық теориялардың эмпирикалық кемшіліктеріне көңілдері толмаушылық, сандық зерттеуге шақыру».

Кейбір бағалауларға қарағанда, экономикалық ойдың институционалистік бағытының пайда болуының уақытын Т.Вебленнің «Құр сенделуші (желбуаз) таптар теориясы» деген монографиясының жарық көруімен, яғни 1899 жылдан бастайды. Алайда, соңғы кезде одан да маңызды Дж. Коммонс пен У. Митчеллдің еңбектерінің болуы, институционализм шеңберінде жаңа толқындардың көрінуі, бұл экономикалық теория бағытының, концепциясының қалыптасуы мен жетілуінің XX ғасырдың 20-30 жылдарына сәйкес келетіндігін аңғартады.

Аталған американ ғалымдарының еңбектері, жақтаушалары антимонопольдік бағытты құрайды, экономикалық өсуге жиынтық қоғамдық қатынастардың ықпалы мен идеясы экономикаға мемлекеттің араласу қажеттігін насихаттап дәлелдейді.

Институционализмдегі көрінген үш толқын

1. Т. Вебер - әлеуметтік- психологиялық (технократтық) институционалдық зерттеуді басқарады.

2. Дж. Коммонс - әлеуметтік- құқылық (заң) бағытты қолдайды.

3. У. Митчелл – конъюктуралық – статистикалық (эмпирико- болжамдық) бағытты зерттейді.

## 2. Әлеуметтік – психологиялық институционализм (Т. Веблен)

**Тростейн Веблен** (1857-1929) – экономика мен социология саласындағы ірі еңбектердің авторы. Мұнда ол Ч. Дарвиннің табиғат эволюциясы теориясынан бастау алып, жалпы қоғамдық, соның ішінде экономикалық, әлеуметтік – психологиялық қатынастардың өзара байланысы, өзара тәуелділігі принципін ұсынады. Чикаго (1891-1906), Станфорд (1906-1909) университеттерінде сабақ берді. 1910-1917 жылдар Миссури штаты (Колумбия қаласы) университетінде жұмыс істеді. 1919 жылдан бастап «Әлеуметтік зерттеулердің жаңа мектебінде» лекция оқиды.

Оның ғылыми мұрасы кеңінен белгілі болды және экономикалық ой – пікірдің үш әлеуметтік – институционалдық бағытындағы шығармаларды іздестірудің негізін қалады.

Т. Вебленнің анықтауы бойынша экономика ғылымының пәні ретіндегі «Институттар - өткендегі процестердің нәтижесі, олар бұрынғы жағдайларға бейімделген, демек бүгінгі күннің талабына толық сәйкес келмейді». Осыдан келіп, оның ойынша, оларды эволюция заңдарына сәйкес жаңарту қажеттігі шығады және қазіргі күннің талабына сай, яғни ойлаудың әдеттегі тәсілмен, жалпы танылған тәртіпке сай қаралуы тиіс.

Өзінің ойлау бейнесі жағынан көптеген идеологтар оны американдық Маркс деп мойындады. Оның себебі, Дж. Веблен, Б. Кларктің студенті болуы ғана емес және ол өзінің ұстазының экономикалық теориясына, яғни таза экономикалық ғылымға қарсы шыққандығынан емес, оның салдарын сын көзбен бағалағаны, әр түрлі елдердің ұлттық экономикасы А. Смиттің экономикалық либерализм, өзін-өзі реттеу, халық шаруашылығының дағдарыссыз дамиды деген идеяларымен, еркін кәсіпкерлік жағдайында экономикалық адамдардың жеке мүдделері қоғамдық пен табиғи сәйкес келеді дегендері үшін.

Қоғамдық әлеуметтік – экономикалық даму проблемаларын ерекше көруі Т. Вебленнің еңбектерінен айқын байқалады. Оның ішінде бастылары: «Құр сенделуші (желбуаз) таптар теориясы» (1899); «Инстинкт шеберлігі» (1914); «Инженерлер мен баға жүйесі» (1921); «Жоқ адамдар меншігі» (1923) және т.б.

Т. Веблен өзінің қоғамды эволюциялық қайта құру сенімін Ч. Дарвиннің табиғаттың эволюция теориясымен өзінше түсіндіреді. Оның постулаттарынан бастау алып, ол, айталық, адамзат қоғамына «тіршілік үшін күрес» тұжырымының маңыздылығын дәйектеуге тырысты.

Оның пікірінше, адамдардың экономикалық мотивтеріне, алдымен ата – аналық сезім, білімге және істелген жұмыстың жоғары сапасына инстинктілік ұмтылысы жатады.

«Құр сенделуші (желбуаз) таптар» теориясында, Т. Вебленнің осы аттас кітабының мазмұны көрсеткендей, «өндірістік емес мүлкі бар» таптардың экономикалық процестерге қатынастары теріс сипаттар – «қымқырып қалу», өндіру емес, қанау, пайдалылық емес – тән. Бұл тап, Веблен бойынша, бизнес әлемінің дәстүрін қалайды, ал бұл – паразитизм мен жыртқыштық заңдармен бағыттталып, әрекет етеді.

Айталық, осы таптың өкілдері үшін тауарларға ерекше баға белгіленеді, бұл – олардың мәртебесінің көрсеткіші, ол – сұраныс заңының шын көрінісі емес, мұны «Веблен эффектісі» деп атайды.

Ол мынадай жағдайды сипаттайды – тауар бағаларының төмендеуі сатып алушы бойынша оның сапасының нашарлауы немесе оның халық арасында маңыздылығының төмендеуі, сөйтіп тауардың сатып алушылар сұранысына сай болмайтындығы. Керісінше, жағдай басқаша болады: сатып алу көлемі баға өсуімен байланысты ұлғаяды. «Қаржы қабаттарының қалыңдығы», - деп жазады Т. Веблен - қаржы институттардың икемделуіне ынталы. Осыдан келіп желбуаз таптардың институттардың дамуын, ақша мақсаттарын құр сенделуші таптардың өмірін қалыптастыруға бірте – бірте бағыттайды.

Сонымен, қоғам құрылымының эволюциясы – Т. Вебленнің сөзімен айтсақ – тіршілік күресіндегі институттарды табиғи сұрыптау процесі.

Т. Вебленнің марксистік емес позициясы оның реформа тұжырымдамасынан анық көрінеді.

Тек қаржы жұмысымен айналысатын рантьелердің, жеке меншіктің (абсентеистік) түрі иелерінің паразиттік өмірі, олардың

ірі қаржы және кәсіпкерлер ретінде «үлкен пайдаға тырысушылардың индустрия саласын бизнес әлеміне бағындыруды сынап отырып, ол таптық антагонизмді революциялық жоюға шақырмады, пролетариат диктатурасын қаламады, реформалар арқылы қоғамның одан әрі эволюциясын ұсынды».

М.Блауг нақтылап айтқанда, капитализм жағдайындағы тап күресі туралы әңгіме, Веблен бойынша, капиталистер мен пролетариат арасындағы күрес емес, ол – бизнесмендер мен инженерлердің күресі. Ойлаудың «ақшалай салты банкирлерді, брокерлерді, юристерді, менеджерлерді біріктіреді, олардың іскерлік әрекетінің басты принципі – жеке-дара иемдену».

Веблен реформасының сценарийі – ғылыми-техникалық прогресті үзбей жеделдету және мұндағы инженер-техника интеллигенттерінің маңызын көрсету. Ол интеллигенция, жұмыскерлер, техниктер және өндірістің басқа қатысушылары индустрия саласын қамтиды, өндіріс процестерін оптимизациялау мен тиімділігін арттыру мақсатын көздейді.

Т. Веблен өз реформасының нәтижесін «жаңа тәртіп» орнауынан көрді. Мұнда өнеркәсіп өндірісін басқару әдейі «техниктер кеңесіне беріледі және «индустриялық жүйе» абсентеистік меншік иелерін (монополистердің) мүддесіне қызмет етуін тоқтатады, өйткені технократтар мен индустрияның мотиві «ақша ұту» емес, барлық қоғамға қызмет ету.

### **3. Әлеуметтік – құқықтық институционализм (Дж. Коммонс)**

**Дж. Р. Коммонс** (1862-1945) -1904 жылдан Висконсин университетінің профессоры, Америка еңбек федерациясының экономикалық және заң жөніндегі консультанты болды.

Экономикалық талдаудың пәні ретінде мынадай ұжымдық институттардың – жанұя, кәсіподақ, сауда бірлестіктері, өндірістік корпорациялар, мемлекетті, құқылық қатынастар және басқаларды зерттеу, басым бағыт деп – заңды-құқықтық институттарды есептеп, институционализмнің құқықтық-заңдылық ағымының көшбасшысы болды.

Методологиялық жағынан ол жұмысшылардың таптық

күресін қабылдамады және ол бизнес жүйесінің тиімділігі – оны сақтаудың амалы дегенге сөнді.

Дж. Коммонс құқылық қатынасты құн концепциясында қолданды. Бұл тұжырым бойынша, тауар, өнімінің құны – ұжымдық институттардың заңды келісімдері. Соңғысына ол корпорациялардың, кәсіподақтардың, саяси партиялардың одақтарын жатқызады. Олар әлеуметтік топтар мен халықтың мүддесін (кәсіптік) білдіреді.

Дж. Коммонс таптық күрестің марксистік іліміне мемлекеттің заң шығару саласындағы реформасын қарсы қойды және әр түрлі ұжымдық институттардың лидерлерінен тұратын үкіметтің болуын ұсынады. Ол үкіметтің қоғамдық пікірдің бақылауында болуын және экономиканың демонополизациялануын жақтады.

Еркін бәсекелі капитализмнің қаржы сатысына эволюциялануы – оның басты еңбегі «Капитализмнің құқылық негіздері» (1924ж.), «Институционалдық экономика. Оның саяси экономикадағы орны» (1934ж.) және басқаларындағы басты идея – бұларда кәсіпкерлер арасындағы «таза емес» (монополистік) бәсекеден туындайтын әлеуметтік шиеленістер проблемасы қаралады. Экономикалық реформалар шеңберіндегі мемлекеттің құқықтық шешімдері, автордың ойынша, қоғамдағы қайшылық пен дау-жан жалдарды шешеді, әкімшілік капитализм сатысына өткенін көрсетеді.

Экономикалық тарихтан белгілі болғандай Дж. Коммонстің ұжымдық әрекеттің құқылығы Веблен еңбектеріндегі антимонополизмдік реформаларын жақтады, АҚШ-тің президенті Рузвельттің XX-ғасырдың 30-шы жылдарында жүргізілген жаңа бағытында нақты тәжірибеде қолданып, дәлелденді.

### **4. Эмпирикалық институционализм (У. Митчелл)**

**Уэсли Каэр Митчелл** (1874-1948)- Вебленнің шәкірті және оның ісін жалғастырушы. Ол Чикаго университетінде оқып, Калифорниядағы (1909-1912) және Колумбиядағы университеттерде профессор болды. 1920-1945 жылдары экономикалық зерттеулердің Ұлттық бюросын басқарды. У.Митчелл өз ұстазының еңбегін жоғары бағалап, «Веблен

ілімі» деген жинақ әзірледі. Мұнда оның кітаптары мен мақалаларынан үзінді келтірді.

У. Митчелл жариялаған «Экономикалық теориялардың типтері туралы» дәрісі (1935ж.) Т. Вебленнің идеясынан бастау алады. Ол экономикалық процестердің экономикалық емес теорияларымен өзара байланысын талап етті. Айталық, социология, мәдениет және т.б. әлеуметтік проблемаларды көрсетті. Олар қоғамдағы адамдардың психологиясын, тәртібін және іс-әрекеттерінің мотивін анықтайды.

Алайда, экономикалық әдебиеттерді бұл ғалым да «теориясыз өлшем концепциясының уәкілі» деп қабылдады (У. Митчелл және оны жақтаушыларды сынаған Т. Коммонстың осындай атпен шыққан статьясынан кейін), немесе В. Леонтьевтің оны «Американың экономикалық ой – пікіріндегі негізгі антитеориялық бағыт» деп атауы тегін емес.

У. Митчеллдың институционалдық теорияға қосқан жеке үлесі:

1. Экономикалық факторлардың (ақша айналысы немесе қаржы және тағы басқа категориялардағы) экономикалық емес факторларға (соның ішінде психологиялық, тәртіп және т.б.) әсерін анықтау. Ол үшін нақты сандық көрсеткіштерді зерттеу және ол көрсеткіштердің конъюктуралық толқулардың заңдылықтарын анықтау, көптеген статистикалық деректердің нақты материалдарын математикалық талдау негізінде жүргізу.

2. Экономикаға мемлекеттің араласуының түрлі варианттары арқылы дағдарыссыз цикл концепциясын негіздеуге тырысады.

Әсіресе У. Митчеллді әйгілі еткен – АҚШ-тағы экономикалық зерттеудің ұлттық бюросының негізін қалаушы болғаны және алғашқылардың бірі ретінде экономикалық циклдік құбылыстарды зерттеуі. Ол ақша, қаржы және несие факторларына мемлекеттің ықпалын әлеуметтік – мәдени проблемаларымен байланысты психологиялық талдауды ескеруді қажет, мүмкін деп санады.

XX- ғасырдың 20-жылдардағы институционализмдегі эмпирикалық – болжамдық бастамасының өкілдері өздерінің конъюктуралық барометрлерін Гарвордта жариялады, динамикалық реттеуді талдаумен қорытындылады. Ол – экономикалық өсудің қисық сызықтары арқылы ұлттық

шаруашылық көрсеткіштердің орташа индексі еді және бұлар алғашқы болжамның нәтижесі.

Экономика ғылымының жаңа салаларының негізін құрайтын – эконометрика, математика және статистика. У. Митчелл және оны қолдаушылар «кіші» және «үлкен» циклдардың ұзақтығын есептеуге, экономиканың дағдарыссыз дамуы үлгісін жасауға және көрсеткіштер динамикасындағы ауытқуларды көрсетуге, кері кетудің алдын алуға мүмкіндік берді.

Циклдік толқуларды бәсеңдету мен жағымды экономикалық конъюктураға жетудің құралы – У. Митчеллдің ойынша, әдейі мемлекеттік жоспарлау органын құру. Жоспарлау мұнда директивалық емес нұсқау және ол ғылыми болжамға негізделген түпкі мақсатқа жеткізетін болуы тиіс. «Гарвард барометрі» мамандарының болжамы 1929-1933 жылдардағы экономикалық дағдарыс қарсаңында экономиканың гүлденуін қамтамасыз ете алмады. Зерттеудің методологиялық базасының жетімсіздігін көрсетті. Бірақ ол 20-30 жылдардағы институционалистердің басты тұжырымы, ережесі – экономикадағы әлеуметтік бақылаудың қажеттігін жария еткізді.

Сөйтіп, институционализм 30- жылдарда дүниеге келген мемлекеттік зерттеудің кейінсінандық және неолибералдық концепцияларға жол салушы болды. Негізгі идея – мемлекеттің экономикаға араласуы.